

Қаралды
мектептің әдістемелік кеңесінде
№1 хаттама
«26» тамыз 2022 жыл

Қабылданды
мектептің педагогикалық
кеңес шешімі
№1 хаттама 27 тамыз 2022 жыл

Бекітілді
мектеп директордың м.а
_____ М.Х.Даржанова

Ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспары 2022-2023 оқу жылы

Мектеп миссиясы: "Мектеп-саналы және дамып келе жатқан тұлғаларды, өзінің білім беру және өмір жолының тең авторларын тартатын, дамытатын орын, мұғалімдер мен оқушыларды инновациялар дәуірінде шығармашылыққа, шабыттануға, қарым-қатынас жасауға ынталандыратын жайлы оқыту ортасы.

Мектеп тақырыбы: "**Білім беру сапасын жетілдіру, мазмұнын жанарту және озық педагогикалық технологиялар МЖМБС іске асыру**".

Мектептің жұмыс мақсаты: білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ашу, қолайлы білім беру ортасын құру, оқушылардың өзін-өзі анықтау, өзін-өзі іске асыру және денсаулығын нығайту мүмкіндігі.

Әдістемелік тақырып: "Озық технологияларды қолдану бойынша мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру арқылы сабақ сапасына қойылатын заманауи талаптар"

Мақсаты: БМЖ жағдайында білім алушыларды тиімді оқыту мен тәрбиелеудің факторы ретінде педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру.

2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстың міндеттері:

1. Ұйымдастыру және басқару қызметін жетілдіру есебінен мектептің білім беру қызметінің сапасын арттыру
2. Мектепте оқуға қолайлы және ынталандыратын атмосфераны дамыту, оқушыларды өзін-өзі бақылау, өзін-өзі тәрбиелеу және әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастыру дағдыларына үйрету
3. Заманауи білім беру технологияларын енгізу негізінде дамытушы білім беру ортасын құру
4. Инновациялық және ғылыми-зерттеу қызметі үшін білім беру кеңістігін кеңейту.
5. Үздіксіз білім беру жүйесі арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, инновациялық бағдарламаларды іске асыру бойынша ұжым қызметін жандандыру
6. Жоғары ынталандырылған білім алушылармен жұмыс, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту
7. Білім беру процесіне қатысушылардың барлығының денсаулығын сақтау мен нығайтуға және салауатты өмір салты дағдыларын дарытуға бағытталған жұмысты жетілдіру.

Мектептің әдістемелік қызметінің алдына қойылған мақсат: баланың жеке тұлғасының зияткерлік-шығармашылық және әлеуметтік - психологиялық әлеуетін дамытуға бағытталған озық тәжірибемен алмасу, өздігінен білім алу және курстық қайта даярлау негізінде мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасау.

Оны жүзеге асыру үшін келесі **міндеттер тұжырымдалған:**

1. Оқыту сапасын арттыру.

2. Оқу мотивациясының деңгейін жақсарту.
3. Оқу процесіне жобалық қызмет технологиясын енгізуді қамтамасыз ету.
4. Пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға және зияткерлік конкурстарға қатысуға бағытталған ынталы оқушылармен жұмыс.
5. Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің оң тәжірибесін анықтап, қорытындылау және тарату.

Әдістемелік жұмыстың бағыттары

1. Педагогтің кәсіби стандартының талаптарын іске асыру.
2. Мұғалімдерді аттестаттау.
3. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру (өздігінен білім алу, курстық дайындық, педагогикалық кеңестерге, семинарларға, конференцияларға қатысу).
4. Білім беру сапасын басқару. Мониторингтік іс-шаралар жүргізу.
5. Пән бойынша жобалық, сабақтан тыс іс-шаралар.
6. Әртүрлі деңгейдегі мұғалімдердің жұмыс тәжірибесін жинақтау және ұсыну (ашық сабақтар, шығармашылық есептер, ашық ақпараттық кеңістіктегі жарияланымдар, әдістемелік материалдардың авторлық әзірлемелері).
7. Жас және жаңа педагогтермен жұмыс.
8. Инновациялық жобалар мен шығармашылық топтардың жұмысы.

Әдістемелік жұмыс түрлері

ұжымдық түрлері:

- ✓ педагогикалық кеңес
- ✓ әдістемелік кеңес
- ✓ мектеп кафедралары
- ✓ семинарлар
- ✓ ашық сабақтар
- ✓ пәндік апталықтар
- ✓ кластер бойынша сыныптан тыс іс шаралар
- ✓ педагогикалық кадрларды аттестаттау
- ✓ мұғалімдердің курстық дайындығы

жеке түрлері:

- ✓ өзіндік білім жетілдіру
- ✓ өзара сабаққа қатысу
- ✓ өзіндік талдау

- ✓ тәлімгерлік
- ✓ әңгімелесу
- ✓ консультациялар
- ✓ әкімшіліктің сабаққа қатысуы
- ✓ сабақ жоспарларының талдауы.

Әдістемелік жұмыстың басым бағыттары

- Білім беру мазмұнын жаңарту, баланың тұлғасын дамытуға және педагогтің педагогикалық шеберлігін жетілдіруге бағытталған өнімді педагогикалық технологияларды жұмыс тәжірибесіне енгізу негізінде білім беру процесінің қырларын жетілдіру.
- * Педагогикалық ұжымның оқушылардың белсенділігін ынталандыратын, бала тұлғасының шығармашылық әлеуетін ашатын технологияларды меңгеруге шығармашылық бағдары.
- * Оқушының мұғаліммен және басқа балалармен қарым - қатынасында эмоционалды-психологиялық жайлылық құру арқылы оқу іс-әрекетіне ынталандыруды қалыптастыру.
- * Мектеп пен отбасының ынтымақтастығы арқылы әлеуметтік бейімделуге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысын ұйымдастыру.
- * Педагогтерге педагогикалық қызметті жоспарлауға, ұйымдастыруға және талдауға, оқыту мен тәрбиелеудің қағидаттары мен әдістемелік тәсілдерін іске асыруға, педагогикалық ойлаудың қазіргі заманғы стилін дамытуға көмек көрсету.
- * Мұғалімнің өздігінен үздіксіз білім алуы және кәсіби шеберлік деңгейін арттыру.
- * Мұғалімді шығармашылық ізденіске, инновациялық қызметке қосу.
- * Білім алушылардың оңтайлы білім деңгейіне, тәрбиесіне және дамуына қол жеткізу.

Жұмыстың негізгі бағыттары	Іс шаралар	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
	Курстардан өту бойынша өтінімдер жасау.	Бисембаева Б.К	Қыркүйек
	Мектеп мұғалімдерін біліктілікті арттыру курстарында оқыту.	Бисембаева Б.К	Жыл бойына

	Конференцияларға, әдістемелік семинарларға, шеберлік сыныптарына қатысу.	Бисембаева Б.К., МК жетекшілері, пән мұғалімдері	Жыл бойына
2. Педагог қызметкерлерді аттестаттау	2022-2023 оқу жылында аттестатталатын педагогтердің тізімін жасау және нақтылау.	Бисембаева Б.К.	Тамыз, қаңтар
Мақсаты: педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін жағдай жасау және кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтау.	"Аттестаттау мәселелері бойынша нормативтік – құқықтық база және әдістемелік ұсынымдар" педагогикалық кеңесінде баяндама.	Бисембаева Б.К.	Тамыз
	Аттестаттаудан өту кезінде өтініштерді толтыру және портфолио бойынша жеке консультациялар.	Бисембаева Б.К.	Жыл бойына
Жоспарланған нәтижелер: мектеп педагогтерінің біліктілік санатын арттыру үшін жағдай жасау.	Аттестаттау бойынша құжаттық база құру.	Бисембаева Б.К.	Жыл бойына
	Бұйрықтар шығару - мектептің сараптамалық кеңесін құру туралы - мектептің аттестаттау комиссиясын құру туралы.	Бисембаева Б.К., кадр бөлімі	Тамыз, қыркүйек
	Ашық іс-шаралар өткізу, аттестаттаушы мұғалімдердің өз тәжірибесін ұсыну.	Аттестатталушы мұғалімдердің кафедра жетекшілері	Кестеге сәйкес
	Аттестаттау мәселелері бойынша педагогикалық кеңестің өткізілуін ұйымдастыру.	Аттестационная комиссия	Қазан, сәуір
3. Әдістемелік кеңестер.	№1 отырыс. Мектеп кафедраларының жоспарын, әдістемелік жұмыс жоспарларын жүзеге асыру. Іс-шараларды өткізу мерзімін келісу.	Бисембаева Б.К., кафедра жетекшілері, ӘК мүшелері	Тамыз
Мақсаты: білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді, педагог кадрларды әдістемелік оқытуды ұйымдастыру және үйлестіру.	1.1 2022-2023 оқу жылында білім беру қызметінің тиімділігі мен сапасын арттыру бойынша әдістемелік жұмыстың міндеттері. 1.2 Мектептің 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын бекіту.		

	<p>1.3 Кафедралардың жұмыс жоспарын, педагогтердің жеке даму жоспарларын қарастыру.</p> <p>1.4 Пәндер, факультативтер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды қарау.</p> <p>1.5.Инновациялық жобалардың, шығармашылық топтардың жұмыс жоспарларын қарастыру.</p> <p>1.6 Пәндік апталарды өткізу жоспарын бекіту.</p> <p>1.7 Тәлімгерлікті ұйымдастыру.</p>		
	<p>1.Жас мұғалімдермен әдістемелік кеңес.</p> <p>2. Оқушылар олимпиадасының мектепшілік кезеңін өткізу.</p> <p>3. «Мұғалімнің портфолиосы құрамдас аттестаттау ретінде» әдістемелік кеңесі</p> <p>4. Педагогикалық кеңеске дайындық: "Білім берудамыту кеңістігін құру зерттеу және жобалық қызметті ұйымдастыруға ынталандыру ретінде."</p> <p>5. Аттестатталушы мұғалімдердің сабақтарына қатысу.</p> <p>6. Пәндік онкүндіктерді ұйымдастыру</p>	Бисембаева Б.К., пән мұғалімдері	Қазан
	<p>№2 отырыс. "Жеке және топтық жұмыс нысандарында білім алушылар қызметінің жобалық және зерттеу түрлері"</p> <p>2.1 Оқу процесінің 1-тоқсандағы мониторинг қорытындысы.</p> <p>2.2 Жалпы білім беретін пәндер бойынша мектепшілік олимпиаданың нәтижелерін талдау. Аудандық кезеңге өтінім.</p> <p>2.3 Жас мұғалімдердің сабақтарына тәлімгер-мұғалімдер мен менторлар, зерттеуші және шебер мұғалімдер қатысады.</p>	Бисембаева Б.К., кафедра жетекшілері, ӘК мүшелері	Қараша

	2.4 Жоғары ынталандырылған білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу.		
	<p>1. Мұғалімдер мен білім алушылардың жобалау-зерттеу қызметі бойынша жеке консультациялар.</p> <p>2. Жас педагогтермен әдістемелік кеңес.</p> <p>3. Педагогикалық кеңеске дайындық: "Педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамыту арқылы оқыту сапасын арттыру"</p> <p>4. Пәндік онкүндіктерді ұйымдастыру.</p>	Бисембаева Б.К.	Желтоқсан
	<p>№ 3 отырыс</p> <p>Мотивациясы төмен балаларға жайлы психологиялық жағдай жасау.</p> <p>3.1 1 жартыжылдықтағы жоғары ынталандырылған оқушылармен жұмысты талдау. Олимпиаданың аудандық кезеңін өткізу нәтижелері. Олимпиаданың қалалық кезеңіне өтінім.</p> <p>3.2 Оқушылардың ғылыми жобалар бойынша жарыстарға қатысуы туралы. 1 кезең.</p> <p>3.3 Мұғалімдердің 1 жартыжылдықтағы педагогикалық қызметінің мониторингі. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру. Біліктілікті арттыру курстары.</p> <p>3.4 1 жартыжылдық үшін онкүндік және семинар бойынша есептер.</p> <p>3.5 Шығармашылық топтар мен инновациялық жобалар жетекшілерінің есебі.</p> <p>3.6 1 жартыжылдық нәтижелерін талдау.</p> <p>3.7 1 жартыжылдықтағы оқу процесі мониторингінің қорытындысы.</p>	Бисембаева Б.К., Даржанова М.Х Саулембекова Р.М, кафедра жетекшілері, ӘК мүшелері, шығармашыл топтар мен инновациялық жобалар жетекшілері	Қаңтар

	<p>1.Кәсіби конкурстарға қатысушыларға әдістемелік көмек.</p> <p>2. "Оқушылар ұжымдарындағы буллингтің алдын алудағы педагогтің рөлі" педагогикалық кеңесіне дайындық.</p>	Бисембаева Б.К.	Ақпан
	<p>1.Аттестатталушы педагогтерге арналған жеке консультациялар.</p> <p>2. Аттестатталушы мұғалімдердің сабақтарына қатысу.</p> <p>3. Ғылым күніне арналған айлықты ұйымдастыру.</p>	Бисембаева Б.К.	Наурыз
	<p>1.3 тоқсан бойынша оқу үрдісінің мониторинг қорытындысы.</p> <p>2. Мектеп кафедраларының әдістемелік тақырыпты жүзеге асыру бойынша шығармашылық есептері</p>	Бисембаева Б.К., Даржанова М.Х, Кафедра жетекшілері	Сәуір
	<p>№ 4 отырыс 1-7 сынып және 8-11 сынып оқушыларының жобалық қызметі.</p> <p>4.1 1-7 сыныптарда "Зерде" зерттеу жұмыстарының байқауын өткізу туралы есеп.</p> <p>4.2 1-7 сыныптардағы "Зерде" зерттеу жұмыстары байқауының қалалық кезеңіне өтінім.</p> <p>4.3 8-11 сыныптарда ғылыми жобалар байқауын өткізу туралы есеп.</p> <p>4.4 8-11 сыныптардағы ғылыми жобалар конкурсының қалалық кезеңіне өтінім.</p>	Бисембаева Б.К., ӘК мүшелері, ОҒҚ жетекшісі, пән мұғалімдері	Мамыр
	<p>№ 5 отырыс Әдістемелік тақырыпты жүзеге асыру бойынша педагогикалық ұжымның жұмысын талдау.</p>	Бисембаева Б.К., ӘК мүшелері	Мамыр

	<p>5.1 жыл ішіндегі әдістемелік жұмысты талдау. Мектеп, инновациялық жобалар мен шығармашылық топтардың есептері.</p> <p>5.2 Ағымдағы оқу жылындағы дарынды оқушылармен жұмысты талдау.</p> <p>5.3 2 жартыжылдық үшін онкүндіктер мен семинарлар бойынша есептер.</p> <p>5.4 2023-2024 Оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын талқылау.</p>		
<p>4.Ұйымдастырушылық және тақырыптық педагогикалық кеңестер.</p> <p>Мақсаты: әдістемелік жұмыс жоспарын іске асыру нәтижелерін бақылауды және талдауды қамтамасыз ету.</p>	<p>№1 Педагогикалық кеңес" Білімді ұлт: білімге ұмтылу, еңбекқорлық және патриотизм»</p> <p>1.Мектептің 2021-2022 оқу жылындағы жұмысына талдау және білім беру жүйесінің міндеттері туралы.</p> <p>2.2022-2023 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарын бекіту. Оқу жүктемесін бөлу. Тарификациялық комиссияны бекіту. Өрт қауіпсіздігі, азаматтық қауіпсіздік,қауіпсіздік техникасы, педагог кадрларды аттестаттау жөніндегі комиссияны, еңбек өтілі жөніндегі комиссияны, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссияны, жұмысқа қабылдау жөніндегі, құқық бұзушылықтар жөніндегі, мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссияны, келісім комиссиясын, тамақтану жөніндегі комиссияны, психологиялық комиссияны, әкімшілік комиссияны бекіту.</p> <p>Ауысым бойынша сабақтарды бекіту.</p> <p>Педагогикалық кеңестің, әдістемелік кеңестің, мектеп кафедрасының, аттестаттау комиссиясының, тәлімгерлік мектебінің, МІБ ережесін бекіту.</p>	<p>Ташенова М.А., Бисембаева Б.К., Даржанова М.Х, Тоқтарқызы М</p>	<p>Тамыз</p>

	<p>3.Мектептің 2022-2023 оқу жылына арналған жоспарын бекіту. МІБ.</p> <p>4.Әртүрлі/аттестаттау мәселелері бойынша нормативтік – құқықтық база және әдістемелік ұсынымдар/.</p>		
	<p>№2 Педагогикалық кеңес "Педагог қызметкерлерді аттестаттау"</p>	Бисембаева Б.К	қазан
	<p>№3 Педагогикалық кеңес "Білім беру-дамыту кеңістігін құру зерттеу және жобалық қызметті ұйымдастырудың ынтасы ретінде"</p> <p>1.Алдыңғы педкеңес шешімдерін орындау туралы.</p> <p>2. Дарынды және қабілетті оқушылармен жұмыс, мектепте ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру.</p> <p>3. Функционалдық сауаттылықты дамыту арқылы мемлекеттік тілдің рөлін арттыру</p> <p>4. Оқушылардың ауызша сөйлеуін дамыту құралы ретінде топтың пәндік-дамытушылық ортасы.</p> <p>5. 1 тоқсандағы білім сапасының мониторингі.</p> <p>6. Әртүрлі.</p>	Бисембаева Б.К	қараша
	<p>№4 Педагогикалық кеңес. "Педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамыту арқылы оқыту сапасын арттыру"</p> <p>1.Алдыңғы педкеңес шешімдерін орындау туралы.</p> <p>2.1 жартыжылдықтағы білім сапасының мониторингі.</p> <p>3. Әртүрлі.</p>	Даржанова М.Х., Саулембекова Р.М.,	қаңтар
	<p>№5 Педагогикалық кеңес "Оқушылар ұжымдарында буллингтің алдын алудағы педагогтің рөлі"</p>	Тоқтарқызы М, Куташова К.К, 1-11 сынып жетекшілері	наурыз

	<p>1. Алдыңғы педкеңес шешімдерін орындау туралы.</p> <p>2. 3 тоқсандағы білім сапасының мониторингі.</p>		
	<p>№6 Педагогикалық кеңес «Педагог қызметкерлерді аттестаттау»</p>	Бисембаева Б.К	сәуір
	<p>№7 Педагогикалық кеңес. 1-8, 10 сынып оқушыларын сыныптан сныпқа көшіру туралы.</p> <p>1. 1-8, 10 сынып оқушыларын сыныптан сыныпқа көшіру туралы.</p> <p>2. 9 және 11 сынып оқушыларын МҚА-ға жіберу туралы</p> <p>3. Әртүрлі.</p>	Даржанова М.Х,	мамыр
	<p>№8 Педагогикалық кеңес 9-сынып оқушыларының негізгі орта мектепті бітіру туралы.</p> <p>1. 9-сынып оқушыларының негізгі орта мектепті бітіру туралы.</p> <p>2. Негізгі орта мектепті бітіргені туралы аттестат беру туралы.</p>	Даржанова М.Х	маусым
	<p>№9 Педагогикалық кеңес 11-сынып оқушыларының жалпы орта мектепті бітіру туралы.</p> <p>1. 11-сынып оқушыларының жалпы орта мектепті бітіру туралы.</p> <p>2. Жалпы орта мектепті бітіргені туралы аттестат беру туралы.</p>	Даржанова М.Х	маусым
5.Инновациялық жобалардың жұмыс жоспары.	Инновациялық қызметке қатысушылардың шығармашылық тобын құру	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Саулембекова Р.М	Қыркүйек

<p>Мақсаты: жалпы орта білім берудің МЖМБС талаптарына, әлемдік стандарттарға, социумның білім беру қажеттіліктеріне және оқушылардың білім беру сұраныстарына сәйкес келетін, өңірдің адами әлеуетін дамыту үшін негіз болатын жаңа сапаға қол жеткізу шарттарының жиынтығын жобалау.</p> <p>Міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> * инновациялық жобаларды әзірлеу мен іске асыруды басқаруды ұйымдастыру; * оқу жоспарына факультативтер мен үйірмелерді қосу және әзірлеу; * оқушылардың жобалық қызметін ұйымдастыру; * факультативтік курстар мен үйірмелер бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру; * мектептің жаңа дәстүрлерін қалыптастыру; 	Инновациялық жобалар тақырыбы бойынша әдебиеттерді зерттеу	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Саулембекова Р.М. жаңашыл мұғалімдер	Ақпан – наурыз
	Инновациялық жобаларды іске асыруды жалғастыру туралы бұйрық шығару	Мектеп директоры	тамыз
	Инновациялық қызмет материалдарын мектеп сайтында орналастыру	Қоғаммен байланыс ісі жөніндегі орынбасар Баймуканов С.С.	тамыз
	Инновациялық қызмет процесін іске асыруды қамтамасыз ету үшін қосымша материалдық-техникалық ресурстарды енгізу	Мектеп директоры	тамыз - желтоқсан
	Инновациялық жобаларды іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар дайындау	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Саулембекова Р.М жаңашыл мұғалімдері	Мамыр-тамыз
	Педагогтермен белгіленген сабақтарды, жобаға қатысушылармен жеке консультацияларды ұйымдастыру.	Оқу ісі жөніндегі орынбасар Саулембекова Р.М	Қыркүйек
	Мерзімді баспасөз материалдарын, интернет желісінің материалдарын, тақырыптық әдебиеттерді зерделеу, әр педагогтің инновациялық қызметі бойынша әдебиеттердің аннотацияланған тізімін жасау	Инновациялық іс әрекеттердің барлық қатысушылары	Қыркүйек- желтоқсан

<p>* халықаралық әлеуметтік әріптестік саласын кеңейту, бірлескен іс-шаралар жүйесін қалыптастыру;</p> <p>* білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығының коммуникативтік құзыреттілігін дамыту;</p> <p>* инновациялық жобаларды іске асыру шеңберінде оқу-әдістемелік құралдарды жасау.</p> <p>Инновациялық жобалардан күтілетін нәтижелер:</p> <p>* 8-11 сынып оқушыларын әлеуметтік-кәсіби өзін-өзі анықтауға дайындау.</p> <p>* Оқушылардың мәдениетаралық қарым-қатынастың жеке тәжірибесін алуы.</p> <p>* Оқу экскурсиялары мен мектеп алмасу аясында алатын оқушының жеке тәжірибесіне негізделген оқыту.</p>	Инновациялық жобаны іске асыруға қатысу бойынша жеке жоспарларды әзірлеу	Жаңашыл мұғалімдер	Қыркүйек
	Жобаның бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етілуін тексеру	Ақпараттандыру жөніндегі директордың орынбасары Аникеев А.В.	Қыркүйек
	Инновациялық жобалардың құжаттамасын жүргізу бойынша педагогтарға кеңес беру	Оқу ісі жөніндегі орынбасар Саулембекова Р.М	Жыл бойына
	Инновациялық жобаларды іске асыру мәселелері бойынша педагогтерге жеке және топтық кеңес беру	Оқу ісі жөніндегі орынбасар Саулембекова Р.М	Жыл бойына
	"Инновациялық жобаларды іске асырудың аралық қорытындылары" директор жанындағы кеңес	Мектеп директоры	Қаңтар
	2022-2023 оқу жылындағы инновациялық қызметтің есептерін ресімдеу, материалдарды жүйелеу	Оқу ісі жөніндегі орынбасар Саулембекова Р.М., инновациялық жобаға қатысушы педагогтер	Ақпан -наурыз
	"Инновациялық жобаларды іске асырудың аралық нәтижелері туралы" анықтаманы дайындау және жазу	Оқу ісі жөніндегі орынбасар Саулембекова Р.М., жаңашыл мұғалімдер	Сәуір
	Инновациялық жобаларды іске асыруды талдау, педагогтерге арналған практикалық ұсынымдарды әзірлеу	ОЖ орынбасары Саулембекова Р.М .	Мамыр

<p>* Мектеп-гимназияның білім беру жүйесіндегі беделінің өсуі.</p> <p>* Мәдени және ғылыми байланыстар жүйесін дамыту.</p> <p>* Пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері санының өсуі.</p> <p>* Бейін алды және бейіндік дайындықты құру.</p>	Жобаны іске асыру бағдарламасын түзету және 2021/2023 оқу жылына арналған инновациялық жобаларды іске асыру жоспарын жасау	ОЖ орынбасары Саулембекова Р.М., жаңашыл мұғалімдер кеңесшілер	Мамыр
	Инновациялық жобалар бойынша семинарлар мен конференцияларға қатысу	ОЖ орынбасары Саулембекова Р.М., жаңашыл мұғалімдер, пән мұғалімдері	Жыл бойына
	Инноватор-мұғалімдерге кеңес өткізу	Ғылыми кеңесшілер	Жыл бойына
	Жинақталған тәжірибені жинақтау, жарияланымдарды дайындау	Жаңашыл мұғалімдер	Үнемі
<p>6.Жоғары ынталы балалармен жұмыс жоспары.</p> <p>Мақсаты: дарынды балаларды анықтау және олардың жан-жақты дамуына жағдай жасау.</p>	Сыныптар, пәндер бойынша дарынды оқушылардың деректер банкін құру	Кафедра жетекшілері, пән мұғалімдері	Қыркүйек
	Жоғары мотивациялы балалармен жұмыс жоспарын жасау	пән мұғалімдері	Қыркүйек
	Жеке кеңестер	пән мұғалімдері	Үнемі
	Жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиаданың мектеп кезеңін өткізуді жоспарлау және дайындау	ОТЖ орынбасар, кафедра жетекшілері, пән мұғалімдері	Қазан
	Жобалар конкурсына қатысу	Бисембаева Б.К., Пән мұғалімдері	Астана Дарыны кестесіне сәйкес
	Зияткерлік конкурстарға қатысу	Пән мұғалімдері	Жыл бойы
	Жас және жаңа бастаған мұғалімдердің тізімін жасау. Тәлімгерлерді тағайындауға бұйрық	Бисембаева Б.К, кадр маманы	Тамыз

7.Жас және еңбек жолын жаңа бастаған мұғалімдермен жұмыс. Мақсаты: жас мұғалімнің табысты кәсіби қалыптасуы.			
	Жас және жаңадан бастаған мамандардың өзін-өзі дамытуының жеке жұмыс жоспарларын бекіту	Бисембаева Б.К., Тәлімгерлер	қыркүйек
	Тәлімгерлік жоспарын бекіту.	Тәлімгерлер	қыркүйек
	Білім беру процесін ұйымдастыру бойынша нормативтік құжаттармен танысу.	Тәлімгерлер	қыркүйек
	Коучинг-сессияларға, семинарларға, тренингтерге қатысу.	Тәлімгерлер, жас мамандар	үнемі
	Жас мамандардың тәлімгердің және басқа да педагогтердің сабақтарына қатысуы.	Тәлімгерлер, жас мамандар	үнемі
	1 тоқсанның қорытындысы бойынша жас мамандармен әңгімелесу.	Бисембаева Б.К.	қараша
	Сабақты жоспарлау. Жас мамандардың сабақтарына қатысу. Сабақтың өзіндік талдауы.	Тәлімгерлер, жас мамандар	үнемі
	Жас мамандардың бір жылдағы өз бетінше білім алу жұмыстарының қорытындысы.	Жас мамандар	мамыр
	Жас мамандар конкурсын өткізу.	Бисембаева Б.К., кафедра жетекшілері	қараша
8.Мектеп кафедраларымен жұмыс. Мақсаты: білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру және педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру	<u>1.Кеңес.</u> <ul style="list-style-type: none"> • 2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік қызметтің басым міндеттері. • Кафедра жоспарын талқылау. "Құжаттарды жүргізу бойынша бірыңғай орфографиялық режим" әңгімелесу • Педагогтердің кәсіби конкурстарға қатысуын қарастыру. 	Бисембаева Б.К., кафедра жетекшілері	тамыз

	<ul style="list-style-type: none"> • Оқушылардың олимпиадаларға, ғылыми жобаларға және зияткерлік конкурстарға қатысуын қарастыру. • Кафедра отырыстарын өткізу. 		
	<p>2. Кеңес.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жеке бағдарланған бағдарламалар мен пәндер бойынша жұмыс бағдарламаларын бекіту. • Мектеп кафедраларының жұмыс жоспарын бекіту. • Пәндік онкүндіктерді өткізу кестесін бекіту. • Әдістемелік әдебиеттерге шолу. • Кафедра отырыстарын өткізу. • Жоғары уәжді балалармен және оқу уәждемесі төмен білім алушылармен жұмыс • Бастауыш сынып кафедрасының пәндік онкүндігіне дайындық. • Эстетикалық цикл кафедрасының пәндік онкүндігіне дайындық 	Әкімшілік, кафедра жетекшілері	Қыркүйек
	<ul style="list-style-type: none"> • Мектеп олимпиадасын дайындау, өткізу. • Аудандық пәндік олимпиадаға өтінім беру. • Педагогикалық кеңеске дайындық бойынша әдістемелік кеңес. • Гуманитарлық ғылымдар кафедрасының пәндік онкүндігіне дайындық/орыс тілі/ • Гуманитарлық ғылымдар кафедрасының пәндік онкүндігін өткізу / Қазақ тілі/ 	Бисембаева Б.К., кафедра жетекшілері	қазан
	<p>3. Кеңес</p> <ul style="list-style-type: none"> • МЖМБС іске асыру. 	БО бойынша орынбасар,	Қараша

	<ul style="list-style-type: none"> • Кафедра отырыстарын өткізу. • Гуманитарлық ғылымдар кафедрасының пәндік онкүндігіне дайындық / тарих/ • Пәндік олимпиадаға қатысатын жоғары ынталандырылған балалармен жұмыс. • Кафедра басшыларының пәндік онкүндіктің өткізілуі туралы есебі. 	кафедра жетекшілері	
	<ul style="list-style-type: none"> • Пәндік олимпиадаға қатысатын жоғары ынталандырылған балалармен жұмыс. • Өтініш білдірген оқушылардың аудандық республикалық пәндік олимпиадаға қатысуы. • Педагогикалық кеңеске дайындық. • Гуманитарлық ғылымдар кафедрасының пәндік онкүндігіне дайындық/Шет тілдері/ 	БОжәне ТЖ бойынша орынбасар, кафедра жетекшілері	Желтоқсан
	<p><u>4. Кеңес.</u></p> <ul style="list-style-type: none"> • Педагогикалық жетістіктер конкурстарына қатысу. • Кафедра отырыстарын өткізу. • МЖМБС іске асыру. Кафедралардың 2 жартыжылдыққа арналған жұмыс жоспарына өзгерістер енгізу, келісу. • Кафедра басшыларының пәндік онкүндіктің өткізілуі туралы есебі. • 1 жартыжылдықтағы кафедраның талдауы. • Кафедраның пәндік онкүндігіне сынып жетекшілерін дайындау. 	БО бойынша орынбасары, кафедра жетекшілері	Қаңтар

	<ul style="list-style-type: none"> • Педагогикалық кеңеске дайындық. • Ғылыми жобалар мен зерттеу жұмыстарын қорғауға дайындық. 	ТЖорынбасар, кафедра жетекшілері, пән мұғалімдері	Ақпан
	<p><u>5. Кеңес.</u></p> <ul style="list-style-type: none"> • ЖМБ кафедрасының пәндік онкүндігіне дайындық. • Ғылыми жобалар мен зерттеу ғылымдарын қорғауға дайындық. • МЖМБС іске асыру. • Кафедра отырыстарын өткізу. • Ғылым күніне арналған айлықты өткізуге дайындық 	Бисембаева Б.К. кафедра жетекшілері	Март
	<ul style="list-style-type: none"> • Кафедра басшыларының пәндік онкүндікті өткізу туралы есебі. 	Бисембаева Б.К. кафедра жетекшілері	Сәуір
	<ul style="list-style-type: none"> • Кафедра басшыларының оқу бағдарламаларының бір жыл ішінде орындалуы туралы есебі. • Кафедраның бір жылдағы талдауы • Әңгімелесу. Кафедраның келесі оқу жылына арналған міндеттері мен жұмыс жоспары. • Жас мамандармен жұмыс туралы есеп. • Кафедра отырыстарын өткізу. 	Бисембаева Б.К. кафедра жетекшілері	Мамыр